Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді.
Қолданады: дыбыстарды ажыратады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну,

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Тақырыбы: Ұлттық киім
ҮІӨ мақсаты: ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.
Дағды: Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: ұлттық киімдерді, сөйлемдерді қайталайды.
Түсінеді: әр ұлттың ұлттық киімдері болатынын
Қолданады: таппақты ынта қойып тыңдап, таныс сөздерді табады.
Ойлау деңгейі: білу,

3. Қоршаған ортамен танысу - танымдық, еңбек ойын, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?
ҮІӨ мақсаты: Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.
Дағды: Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды

	сөйлеммен жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап Ұ-ұ- ұ-ұл-құл-құ-лақ-шын. Түсіну: Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Білу: Такпақ жаттау: Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяқкиім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн жобамды көрсетем. Е.Өтетілеуұлы Сергіту сәті. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Зу-зу-зу етіп, Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз.	Күтілетін нәтиже: Жасайды: Қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру оның ішінде сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету; Түсінеді: көрнекіліктерді қолданып, ойдан шығарып және өзінің көз алдына елестету арқылы қалдық материалдармен жұмыс жасай алады; Қолданады: ою-өрнектердің түрлерін атай біледі және ою-өрнектерді сым темірден ию арқылы жасай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	қолдану. Қолдану: «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: <i>б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, иц, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i> Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. Түсіну: «Жұп құр» ойын-жаттығуы Тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: <i>алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізик, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.</i> Білу: «Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: <i>На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал..., қар..., қа..., пи..., бә... т.б.</i>	түсіну, қолдану Қолдану: Сөздерді бекітуге арналған ойын: «Ата, көрсет, қайтала» (мультимедиа арқылы тексеру). Түсіну: сөздерді бекітуге ойын «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттегі киімді атайды, көршісінде қандай киім екенін сұрайды. Мысалы: Менде шапанбар. Сенде не бар?	атап бере алады. Түсінеді: құстардың қыстағы тіршілігін түсінеді. Қолданады: зерттеушілік дағдысын, топпен бірігіп жұмыс істеу, құстарға қамқорлық жасау қабілеттерін пайдаланады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Ұқсастықтары: құстардың бәрінің тұмсығы, қанаттары мен қауырсыны бар. Олар бірбірінен құйрығының пішінімен және үлкендігімен, қанаттарының көлемімен ерекшеленеді. Құстардың денесіндегі қауырсындарының бәрі бірдей ма? Қанатында желпуіш қауырсындар болады. Олар құстарға ұшуға көмектеседі. Білу: «Жұлдызды жарылыс» техникасы. Бұл әдіс креативті ойлау қабілеттерін шыңдауға, балалардың бойын сергітуге көмектеседі. Үлкен жұлдыздың айналасына 5 жұлдызша орналасады. Олардың әрқайсысының ортасына бір сұрақтан жазылады: КІМ? НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН? НЕЛІКТЕН? Қай құстың кеудесінің түсі сары? – Сарышымшық. Түсіну: Қыстап қалатын құстардың жемсауытынане
--	---	---	---	---	--

					салу керектігін сызып көрсет. Өзің қандай жемсауыт жасар едің? Суретін сал. «БҰЛ ҚАЙ ҚҰС?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады. Мақсаты: балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ құсты суреттейді (немесе жұмбақтар жасырады), ал, екіншісі оның қандай құс екенін табуы тиіс. Содан кейін орындарымен ауысады.
--	--	--	--	--	--

3 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары

		Ойын: «Достық көмек» Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.
--	---	--

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Тақырыбы: Біздің айналамыздағы әлем. ҮІӨ мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Бұл қай кезде болады? ҮІӨ мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. пен ептілікті білдіру. Дағды: Ұлттық	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Біздің айналамыздағы әлем. ҮІӨ мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Айнала ақша қар. ҮІӨ мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Дағды: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене	4.Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Африкаға саяхат. ҮІӨ мақсаты: Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын)
--	---	---	---	--

	қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Дағды: Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: баяу қарқынмен 2 минут жүгіру. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдерменсекіру (30 см). Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалату. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу. Түсінеді: сенсорлы-моторлы үдерістерді жүзеге асыру арқылы сенсорлы және қимыл-қозғалыстарының дамуына мүмкіндік жасау керектігін. Қолданады: қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын күнделікті өмірде қолданады; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын	ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыс биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды. Түсінеді: жұмбақ өлеңнің мағынасын түсінеді. Қолданады: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. Түсіну: Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өндеген М. Раухвергер). Педагог ойын шартын түсіндіреді. <i>1-4 такт.</i> Балалар әр бағытта жүгіреді. <i>5-6 такт.</i> Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. <i>7-8 такт.</i> Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.	Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру. Дағды: Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: баяу қарқынмен 2 минут жүгіру. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіру (30 см). Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалату. Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеу. Түсінеді: сенсорлы-моторлы үдерістерді жүзеге асыру арқылы сенсорлы және қимыл-қозғалыстарының дамуына мүмкіндік жасау керектігін. Қолданады: қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын күнделікті өмірдеқолданады; өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын білдіреді, адамдарға қайырымды болуға тырысады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Тыныс алуды қалпына келтіру. Көзге арналған гимнастика «Біз қысқы орманға келдік.	отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланысу. Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды. Қолдану: Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Педагог топ ішінен бойы	қалыптастыру. Дағды: Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту арқылы орындауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыру. Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүру. Білектері мен тізелеріне таянып, поролон модульдерді аттап еңбектеу. Түсінеді: допты екі қолмен бастан асыра қалай лақтыру тәсілін; допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалай қалыптастыру керектігін. Қолданады: арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен ішітолтырылған доптарды домалатып алып жүруді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: «Континентті зерттейміз» Аяқтың ұшымен қолды жоғары көтеріп жүру; қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру; қолды белге қойып, табанның екі шетімен жүру. Қарқынды өзгертіп тізбекпен жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру. Білу: «Кокостармен ойнаймыз» Отырған күйде допты екі
--	---	---	--	---	--

	білдіреді, адамдарға қайырымды болуға тырысады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Тыныс алуды қалпына келтіру. Көзге арналған гимнастика «Біз қысқы орманға келдік. Неткен ғажайып! Оң жақта қайың аппақ тон киіп алыпты. Сол жақта шыршалардағы қарлар жылт-жылт етеді. Аспаннан қар қиыршықтары айналып түсіпжатыр. Балалардың алақандарына да түсті». 2.Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісі қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» ұнтаспасын тыңдайды.		Неткен ғажайып! Оң жақта қайың аппақ тон киіп алыпты. Сол жақта шыршалардағы қарлар жылт-жылт етеді. Аспаннан қар қиыршықтары айналып түсіпжатыр. Балалардың алақандарына да түсті». 2.Батпақ әлемі Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке». Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісі қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» ұнтаспасын тыңдайды.	ұзын бір баланы және бойы аласа баланы таңдап алады. Бойы қысқа баланың «көлеңке» болатынын түсіндіреді. Яғни, әнді айта жүріп, бойы ұзын бала қандай қимыл жасаса, «көлеңке» соның қимылын шатаспай қайталауы тиіс. Ойын шарты бұзылса, айып ретінде тақпақ немесе ән орындап береді.	қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастанасыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолдытүзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады.Допты сол қолмен лақтырады. «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру. Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Белгіленгенжерге жеткен соң, орындарына жүгіріп қайтып келеді. «Кім алысқа секіреді?» ойын-жаттығуы. Екі сапқа тұрады. Екі аяқтарымен бір мезгілде итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді.Барынша алысқа секіруге тырысады. Алдымен топ болып секіру (алдымен итеріліп, сонан соң аяқтарын түзу алдыға созу) шеберліктерін (машықтарын) бекіту.
--	---	--	--	---	--

4 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

Африкаға саяхатқа шығуды ұсынады. Африка – ыстық ел. Онда арыстан, маймыл, керік, піл т.б. көптеген жануарлар тіршілік етеді. Түрлі түсті құстар өте көп. Бегемоттармен қолтырауындар да бар. Африка, Африка, Ғажайып ел! Африка, Африка, Ыстық ел! Африка, Африка, Тәтті банандар! Өйткені Африкадажыл бойы жаз! «Ыстық елдің жануарлары»: Қол-қол – мынау – қолтырауын. (Балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады). Мот-мот-мот – пайда болды бегемот. (Ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді.) Ке-ке-ке – мойны ұзын керік. (Керік сияқты аспанға созылады). Пі-пі-пі – су шашады піл. (Піл сияқты су шашады: ұрттарын толтырып, су бүркіген сияқтықимылдайды.) Май-май-май – маймылды қара, пай-пай! (Секіріп жүрген маймылды салады).	Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу. Бетке массаж жасау (уқалау) Мақсаты: беттегі белсенді нүктелерді уқалап, суық тиюдің алдын алу. Шеке, бет, мұрын ұшын уқалайды: саусақтарымен ақырын ұрады. Саусақ ұшымен қастарынан бастап сағат тілінің жүрісіндей көздерін айналдырып 5-6 рет жүргізеді. Қас пен самайдың арасын баяу саусақ ұшымен жүргізеді. Алақандарымен көздерін басады, кірпіктерін сипайды.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет (Ауа-райын бақылау)	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (Математикалық планшетпен жұмыс)	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет «Жыл мезгілі ҚЫС» туралы әңгімелесу. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Жақсы мен жаман туралы әңгімелесу.

				зандылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .	
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!»	Желтоқсан Серуен-Бақылау №17 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез- құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; —құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жакқа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын	Желтоқсан Серуен-Бақылау №18 Суықторғайды бақылау Мақсаты: — Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; — Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Бақылау барысы Көркемсөз А. Меңдібай Қарағай мен шыршаның Суықтан дені тоңып тұр. Бұл не ғажап қарасаң, Қайыңда алма өсіп тұр! Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедім- Алқызыл болып көрінген, Әнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің? Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Айналаны қар басса да, Суықтан еш тоңбайды. Құс екенін бұл қандай, Қане, кім болжайды? Кеудесі қызыл әсем-ақ, ♦ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) ♦ Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) ♦ Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде) ♦ Суықторғайлардың балапандары қай уақытта	Желтоқсан Серуен-Бақылау №19 Бораннан кейінгі күнді бақылау Мақсаты: желді күнді қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Жерді тырнап, бұтаны ырғап, Шөпті сипап, ұшады зырлап, Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран) Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі. Ақ боран-ау, ақ боран, Алай-түлей соқ боран. Ақ қар ұшып үйірілсін, Ауламызға үйілсін. Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбаймын суықтан. Қардан жасап аққала, Сырғанаймын шаттана. Тәрбиеші сұрақтары: **Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне	Желтоқсан Серуен-Бақылау №20 Қара қарғаны бақылау Мақсаты: — Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; — Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Бақылау барысы Көркем сөз Құстар қыста тонады Ө. Ақыпбеков Мақсаты: Құстар қыста тонады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. Балаларға сұрақтар: * Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар). * Қарғаның түсі қандай? * Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? * Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып,	Желтоқсан Серуен-Бақылау №21 «Қардағы құс іздері» Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету . Бақылау барысы Балаларға сұрақтар ♦ Из дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. ♦ Қалай ойлайсыңдар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? ♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?) Зерттеу жұмысы Аландағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. Еңбек

	<i>құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)</i> Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (<i>торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер</i>) Торғайлар қыста немен қоректенеді? (<i>дәндермен, қалдықтармен.</i>) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (<i>қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.</i>) Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (<i>өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады.</i>) <i>Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)</i> Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? (<i>себебі адамдар жанында азық көп болады</i>) Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тере ғойғ Сонда суыққа тоңбайсың. Еңбек қызметі Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> еңбекке деген ықыластарын арттыру. Қимылды ойын «Нысанаға тигіз». <i>Мақсаты:</i> қиып бара	көрінеді? (мамыр айында) ♦ Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды) ♦ Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) ♦ Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен) Зерттеу жұмысы Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? Еңбек Ойын алаңын қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Қимылды ойын «Ұшты-ұшты». <i>Мақсаты:</i> аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз». <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.	араласуы) **Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр) **Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады) **Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды) Зерттеу жұмысы Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. Еңбек Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар ую. <i>Мақсаты:</i> Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Желдиірмен». <i>Мақсаты:</i> ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Жаттығу ойындары Қимылдарды дамыту. <i>Мақсаты:</i> секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).	айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. Еңбек Алаңды қардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу Қимылды ойын: «Бәйге». <i>Мақсаты:</i> жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту. Жаттығу ойындары Шаңғымен жүруге жаттықтыру <i>Мақсаты:</i> күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.	Қардан қала тұрғызуға қар жинау. <i>Мақсаты:</i> — Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; — Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. <i>Мақсаты:</i> қимыл-қозғалыстарын дамыту. Халық болжамы: *Қар көп болса, нан мол болады. *Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. *Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.
--	---	---	--	---	--

	<i>жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</i> Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту Қарды алыс нысанаға лақтыру <i>Мақсаты: қозғалыс координациясын дамыту.</i>				
Балаларды үйге қайтару.					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.	Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды даярлық 0 «Ә» сыныбының тәрбиешісі: Каракушикова А.К.